

## **2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ КАНИКУЛ КЕЗЕҢІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ САУЫҚТЫРУ ДЕМАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі өкімінің (бұдан әрі - Өкім)<sup>1</sup> 6-тармағына сәйкес мемлекеттік органдармен бірге 2017 жылы жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын жалпы үйлестіруді қамтамасыз ету және бақылау бойынша қажетті кешенді шараларды жүзеге асырды.

Каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселесі 2017 жылдың 23 мамырында (селекторлық режимде) өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында қаралды.

2016 жылдың 4 шілдедегі №20-5/05-1497 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының тапсырмасын орындау мақсатында Білім және ғылым, Ішкі істер, Ауыл шаруашылығы, Инвестициялар және даму, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жол картасын<sup>2</sup> жүзеге асыруда.

Каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша 2017 жылға арналған ведомствоаралық іс-шаралар жоспары бекітіліп, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктеріне кәмелет жасқа толмағандардың қауіпсіздігі үшін олардың заңды өкілдерінің жауапкершілігі туралы *(2017 жылғы 18 сәуірдегі шығ. №11-4/164)* нұсқау хат жолданды.

Өкімнің 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әкімдіктердің қаулыларымен балалардың сауықтыру лагерьлерін қабылдау бойынша комиссиялар құрылды.

Балалардың демалысын ұйымдастыру кезінде балалардың қауіпсіздік деңгейін арттыру, балалар лагерьлерін білікті мамандармен қамтамасыз ету, педагог-ұйымдастырушылардың біліктілігін арттыру, қолданыстағы балаларды сауықтыру орталықтары мен лагерьлерде инфрақұрылымды және материалдық-техникалық базаны жақсарту және т.б. мәселелері бойынша, республикалық және жергілікті деңгейде нұсқаулық кеңес ұйымдастырылды және өтті.

ҚР Премьер-Министрінің хаттамалық тапсырмасының 2.2. тармағына сәйкес<sup>3</sup> аймақтарда балаларды сауықтыру ұйымдарының (бұдан әрі -БСҰ)

---

<sup>1</sup> «2016-2019 жылдарға арналған демалыс кезеңдерінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 36-р өкімі

<sup>2</sup> 2017-2018 жылдарға арналған каникул кезеңінде балалардың бос уақыты мен сауықтыру демалысын, балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың жол картасы әзірленді

<sup>3</sup> 2017 жылғы 23 мамырдағы № 20 Қазақстан Республикасының Үкіметі отырысы

жұмысына мониторинг жүргізу бойынша қоғамдық комиссиялар құрылды. Олардың қызметтері туралы ақпарат 2017 жылдың 12 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының отырысында тындалды.

2017 жылы БСҰ саны 2040 бірлікке көбейді, лагерьлер мен алаңдар саны 14730 құрады (2016 ж. – 12 690 бірлік).

*Анықтама:* мектеп жанындағы – 12 510, шатырлы, киіз үй, спорттық-туристік - 1 997, қала сыртындағы - 200, жыл бойы – 23.

БСҰ саны Ақтөбе (2017 жылы – 1486, 2016 жылы – 690), Қарағанды (2017 жылы – 1009, 2016 ж. – 811), Қостанай (2017 ж. – 1419, 2016 жылы – 1067), Оңтүстік Қазақстан (2017 ж. – 1619, 2016 ж. – 1088) облыстарында көбейді.

Ал олардың азаюы Астана қаласында (2017 ж. -142, 2016 ж. – 146), Алматы (2017 ж. – 1235, 2016 ж. – 1358), Солтүстік Қазақстан (2017 ж. – 836, 2016 ж. – 891) облыстарында байқалады.

Республикада 23 жыл бойғы стационарлық лагерь жұмыс жасайды, олардың 17-сі мемлекеттік (Астана қаласы - 2, Алматы қ. – 1, Ақмола облысы – 2, Батыс Қазақстан облысы – 2, Қызылорда облысы - 6, Павлодар облысында - 2, Маңғыстау облысы – 1, ОҚО - 1) және 6 жеке меншік (Ақмола облысы – 3, Ақтөбе облысы – 2, Алматы облысы – 1) болып табылады.

2017 жылы қала сыртындағы жыл бойы 9 лагерь Астана қаласында (1), Алматы (1), Ақтөбе (2), Батыс Қазақстан (2), Қызылорда (1), Маңғыстау (1), Павлодар (1) облыстарында жаңадан ашылды. Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында жыл бойғы лагерь жоқ.

Жыл сайын мектеп жанындағы күндізгі лагерьлер саны артып келеді (2017 ж. – 12 510, 2016 ж. – 11 137).

Алматы қаласында (2017 ж. – 136, 2016 ж. – 126), Ақтөбе (2017 ж. – 139, 2016 ж. – 25), Қостанай (2017 ж. – 323, 2016 ж. – 117), Маңғыстау (2017 ж. – 53, 2016 ж. – 0), Павлодар (2017 ж. – 442, 2016 ж. -39) облыстарында киіз үй, шатырлы, спорттық-туристік, өлкетану сияқты аз шығынды нысандағы демалыс және сауықтыру лагерьлер желісі кеңеюде.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі-МЖӘ) қағидаттарында жазғы демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру сапасын жақсарту мақсатында спорт мектептері, техникалық және экологиялық-биологиялық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдары, туризм орталықтары, "Жас Ұлан", "Жас Өркен", "Ровесник" жастар ұйымдары тартылды, жазғы каникул кезеңінде балалардың бассейнге тегін баруы ұйымдастырылған (Алматы қаласы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс-Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары).

Ақмола (5), Алматы (1), Жамбыл (2) облыстарында спорттық және сауықтыру кешендері, балалар лагері сенімгерлік басқаруға берілген.

Ағымдағы жылы Алматы облысының Қапшағай қаласында «Балдәурен» республикалық орталығы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жұмысын бастады.

2017 жылы 1-10 сынып оқушыларының контингенті **2 млн. 699 мың** баланы құрайды (2016 жылы – 2 млн. 561 мың).

Жазғы кезеңдерде балаларды сауықтыру демалысымен, бос уақытын ұйымдастыру екі бағытта жүргізіледі: сауықтыру және жұмыспен қамту.

Балаларды *сауықтыру* демалысымен 2 млн. 492 мың. немесе 92,4% қамтылды, 2016 жылға қарағанда 10,9%–ға немесе 272 мыңға өсті (2016 ж. – 2 млн. 220 мың бала немесе 86,7% ).

Талдау нәтижесі көрсеткендей, балаларды сауықтырумен қамту ең көп көрсеткіші Алматы қаласында (204 633 немесе 96,6%), Ақмола (107228 немесе 97,1%), Атырау (100537 немесе 97,7%), Қарағанды (173031 немесе 100%), Павлодар (92328 немесе балалардың 100%), Оңтүстік Қазақстан (561396 немесе балалардың 97%) облыстарында байқалады.

Соңғы 2 жылда Ақтөбе (2017 ж. – 92,2%, 2016 ж. – 92%), Шығыс Қазақстан (2017 ж. – 96,5%, 2016 ж. – 88%), Батыс Қазақстан (2017 жылы – 92,8%, 2016 жылы – 91,4%), Қызылорда (2017 ж. – 95%, 2016 жылы – 93,9%), Солтүстік Қазақстан (2017 ж. – 93%, 2016 ж. – 93%) облыстарында жоғары көрсеткіштер тұрақты түрде байқалады. Сонымен бірге, балаларды қамтудың тұрақты төмен көрсеткіші Астана қаласында (2017 ж. – 58733, немесе 54%, 2016 ж. – 66620, немесе 54,5%) байқалады.

2017 жылдың жаз маусымында түрлі нысанда 2 млн. 273 мың бала немесе 84,2% жұмыспен қамтылған, бұл өткен жылдың көрсеткішпен салыстырғанда 8,3% - ға артық (2016 ж. – 2 млн. 84 мың бала немесе 81,4%).

Жазғы кезеңде республикада балаларға арналған еңбек бағытындағы 38 мыңнан астам іс-шаралар, 7 мың жазғы олимпиадалық резервтен мектептер, балалар бастамаларының көшбасшылар активі, тілдік мектептер, дебаттық лагерь ұйымдастырылған, 14 мыңнан астам клубтар мен үйірмелер, аула клубтары, шамамен 19 мың спорттық, туристік, экскурсиялық-танымдық және шығармашылық бағыттың іс-шаралар жұмыс істеді.

900 мыңнан астам (35,3% , орта.2016г. -960 немесе 37,5%) жоғары сынып оқушылары еңбек және демалыс лагерьлерінде, мектеп орманшылығында, абаттандыру және көгалдандыру жасақтарында еңбек және жөндеу-құрылыс отрядтарында жұмыспен қамтылды.

Шығармашылық жұмыспен үйірмелер мен аула клубтарында 467 мың немесе 17,3% балалар мен жасөспірімдер (орта 2016г. – 348 мың немесе 13,6%) тартылды.

Жазғы каникул кезінде спорттық-туристік бағыттағы іс-шаралар мен ұйымдарда 517 мың немесе 19,2% бала (орта.2016 ж. 511 мың немесе 19,9 % - ға) жұмыспен қамтылды.

Жазғы тіл үйрету, көшбасшылық мектептерде 341 мың немесе 12,6% - ға жуық бала (орта. 2016 ж. 511 мың немесе 19,9 % ) жұмыспен қамтылды.

Жыл сайын балаларды түрлі нысандарда жұмыспен қамту жоғары көрсеткіштері Алматы қаласы (2017 ж. - 100%, 2016 жылы - 98,7% - ға), Шығыс Қазақстан (2017 ж. – 97,5%, 2016 ж. – 91,2%), Қарағанды (2017 ж. - 100%, 2016 ж. - 100%), Қостанай (2017 ж. - 95,5%, 2016 ж. – 95,3%), Қызылорда (2017 ж. - 99,6%, 2016

жылы – 93,5%), Павлодар (2017ж. – 99,2%, 2016 ж. – 99,2%), Солтүстік Қазақстан (2017 ж. – 93%, 2016 ж. – 91,8%) облыстарында байқалады.

Көрсеткіштердің төмендеуі Астана қаласында 16,6% (орт.2017 г . – 46,6%, 2016 ж. – 63,2%), Ақтөбе 39,7% (орт.2017 г . – 59,2%, 2016 жылы – 98,9%), Оңтүстік Қазақстан облысында 9,8% (2017 ж. – 76%, 2016 ж. – 85,8%) байқалды.

Ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға 4 млрд. 695 млн. теңге (орт.2016г. - 3 млрд 860 млн. тг.) бөлінді.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар 6,8% (орт.2017 ж. – 96,1%, 2016 жылы – 89,3%), әртүрлі салада табыстарға жеткен балаларды 15,6% (орт.2017 ж. – 82,4%, 2016 жылы – 75,9%), девиантты мінез-құлықты балаларды 7,4% - ға (орт.2017 жылы – 92,3%, 2016 ж. – 84,9%) жазғы демалыспен және сауықтырумен қамту өсімі байқалады.

Екі жыл бойы Алматы қаласында, Ақмола, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар облыстарында аталған санаттағы балалардың 100% қамтамасыз етілуде.

Сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі балаларды жазғы сауықтыру демалысымен қамтудың республикалық көрсеткіштері 22% - ға төмендеген (орт. 2017 ж. – 54,3%, 2016 ж. – 76,5%). Аталған санаттағы балаларды қамтудың ең төмен көрсеткіші Астана қаласында (орт.2017 г . – 31,6%, 2016 ж. – 41%) және Оңтүстік Қазақстан облысында (орт.2017 г . – 4,6%, 2016 жылы – 71,1%), аз қамтылған отбасынан шыққан балалар саны 0,5 % (орт.2 017 ж. – 72,5%, 2016 ж. – 73%).

Профилактикалық рейдтер барысында ювеналды қызмет мамандары Алматы қаласында, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстарында құқықтық бұзушылық жасаған, қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларға психологиялық кеңес, заңды қызмет көрсетті. Ағымдағы жылы лагерьлерде девиантты мінез-құлықты балалар үшін арнайы ауысым Ақмола, Ақтөбе, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарында жұмыс істеді.

Жергілікті атқарушы органдардың ақпараты бойынша, тәрбие жұмысы, оның ішінде жазғы демалысты ұйымдастыру нәтижесінде профилактикалық есепте тұрған балалар Ақтөбе облысында 43% - ға, Алматы облысында - 8,9%, Атырау – 13,5%, Батыс Қазақстан облысында-25,3%, Қостанай – 49,4%, Павлодар облысында – 4,5%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 16%-ға төмендеді.

Денсаулық сақтау, Ішкі істер министрлігінің ақпараты бойынша 2017 жылғы жазғы сауықтыру маусымы кезеңінде балалар арасында тамақтан улану және жұқпалы аурулар тіркелген жоқ, суға жақын орналасқан балалар демалыс орындарында баланың өлім фактілеріне жол берілген жоқ. Ағымдағы жылы шомылу маусымы кезеңінде суға жақын орналасқан балалар демалыс орындары қауіпсіздік қағидалары талаптарына сәйкес жабдықталды (*құтқару бекеттерінің болуы, ақпараттық стендтер, ескерту белгілері*).

Аталған бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Министрлікпен 2017 жылғы 15 маусымдағы № 3 Төтенше жағдайларды алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия

отырысы хаттамасының 2.1 тармағын орындау мақсатында 2017-2019 жылдарға арналған балаларды жүзуге үйрету ведомствоаралық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) мемлекеттік органдармен келісу жұмыстары жүргізілуде.

Балалардың суға бату фактілерін алдын алу және төмендету мақсатында іс-шаралар жоспарымен балалар сауықтыру ұйымдарында, дене шынықтыру сабақтарында және сабақтан тыс уақытта балаларды базалық жүзу дағдыларына оқыту қарастырылған.